

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ASYL TAS ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ЖОБАСЫНЫҢ

іске асыру жүйесі туралы 2025 жылғы 7 қазандағы мәлімет

Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас шағын ауданы, 5/3 мекенжайы бойынша жобаланған коммерциялық нысандары бар көпқабатты тұрғын үй құрылысына қатысты азаматтардың алаңдаушылығын ескере отырып, құрылыс жұмыстарының аяқталуына кепілдік берген Бірыңғай оператор – «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы бұл жобаның іске асырылу хронологиясына қатысты түсініктеме беруді қажет деп санайды.

Біз үлескерлердің алаңдаушылығына түсіністікпен қарап, орын алған жағдай үшін кешірім сұраймыз.

Жобаның жүзеге асырылу барысы

- Бірыңғай оператор («ҚТК» АҚ) Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңына сәйкес 2023 жылғы 8 наурыздағы «ВВД-Құрылыс» ЖШС және «Crystal Shymkent» ЖШС-мен жоғарыда аталған объекті құрылысын аяқтауға кепілдік беру туралы шарт жасасқан. Онда құрылысты бір рет ғана 3 айға ұзарту мүмкіндігімен, объектіні пайдалануға беру мерзімі 2024 жылғы 8 қыркүйектен кешіктірілмейді деп белгіленген.

- 2024 жылғы 25 қыркүйекте Объект белгіленген мерзімде дайын болмауына байланысты «ҚТК» АҚ кепілдік жағдай орын алғанын жариялап, объект құрылысын аяқтау мақсатында «Crystal Shymkent» ЖШС-нің сенімгерлік басқарушысы ретіндегі өкілеттілікті өзіне алды.

- Құрылысты қауіпсіз әрі сапалы аяқтау мақсатында келесі жұмыстар жүргізілді: ғимаратқа техникалық зерттеу, қаржылық аудит, сыртқы инженерлік желілерге қатысты қосымша бөлімдер әзірлеу қажеттілігі ескеріліп, жобалық-сметалық құжаттамаға (ЖСҚ) түзетулер енгізу басталды.

- ЖСҚ түзету процесі бастапқыда құрылыс салушы бұзған техникалық шарттарды қайта келісу, жергілікті атқарушы органдармен қосымша келісімдер жүргізу қажеттілігіне байланысты кешіктірілді.

- ЖСҚ-ны түзету процесі бастапқыда құрылыс салушы тарапынан техникалық шарттардың бұзылуына байланысты, оларды қайта келісу, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен қосымша келісулер жүргізу қажеттілігіне байланысты созылып кетті. Сыртқы инженерлік желілерді жобалауға арналған бастапқы-рұқсат құжаттамасын алу барысында, электрмен жабдықтау және газбен қамтуға қатысты техникалық шарттар бойынша «ҚТК» АҚ салалық коммуналдық қызметтерге бірнеше рет жүгінді. Ұзақ келіссөздер нәтижесінде электрмен жабдықтау және газдандыру желілеріне қосылудың ең ұтымды нүктелері анықталды. Бұл шешімге қол жеткізу үшін жобалық құжаттамаға тиісті өзгерістерді енгізуге және оларды келісуге айтарлықтай уақыт қажет болды. Келісу жұмыстары 2025 жылдың тамызына дейін жалғасты.

- 2025 жылдың шілдесінде жоба ведомстводан тыс кешенді сараптамаға жіберілді. 2025 жылғы 26 қыркүйекте ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Алдағы шаралар

- Қазіргі уақытта жұмыс жобасын және сметалық құжаттаманы талдау жүргізілуде, бұл жалпы мердігерді таңдау бойынша ашық конкурс (тендер) өткізуге қажетті құрылыс бюджетін және мерзімдерін бекіту үшін қажет.
- «ҚТК» АҚ аталмыш нысанның барлық үлескерлерімен ашық қарым-қатынас орнатады. Үлескерлер құрылыс процесі туралы толық ақпаратты тікелей ҚТК жауапты қызметкерлерінен алады, сондай-ақ құрылыс жағдайы мен аяқтау жоспарлары талқыланатын кездесулер өткізіледі.

«ҚТК» АҚ нысанның ағымдағы кідірістерге қарамастан толық аяқталып, пайдалануға берілетініне кепілдік береді. Біз бұл нысанның үлескерлер үшін, яғни ең қымбат нәрселерін — өз болашақ тұрғын үйін сеніп тапсырған азаматтар үшін маңыздылығын жақсы түсінеміз.

Сабырлық пен сенім үшін алғыс білдіріп, әрі қарай да өзекті ақпаратпен бөлісіп отырамыз деген сенімдеміз.

*Анықтамалық мәлімет: **Жоба атауы:** ««1-қабатында коммерциялық нысан және көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы» Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас шағынауданы, 5/3. Аяқталмаған құрылыс».*

***Құрылыс салушы** – «ВВД-Құрылыс» ЖШС*

***Уәкілетті компания** – «Crystal Shymkent» ЖШС*

***Инжиниринг компаниясы** – «Engineering Services» ЖШС*

***Пәтерлер саны** – 112 бірлік*

***Нысанның жалпы ауданы** – 9 441,06 ш.м.*